

# КӨКШЕТАУ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖИ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ


## 1. ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Көкшетау жоғары медициналық колледжінде қашықтықтан оқыту 04.09.2019 күнгі электрондық оқытуды және қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану туралы Ереже, КЖМК директорының 14.03.2020 күнгі №22 «Білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеу шараларын күшейту мақсатында КЖМК-де қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру туралы» бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.
- Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру үшін Moodle электронды оқыту ортасы қолданылады.
- Білім алушылар электрондық оқу материалдарын: электрондық оқу-әдістемелік кешендерді, лекцияларды, презентацияларды немесе оқу-әдістемелік құралдарды және басқа да электрондық форматта оқыту материалдарын зерделеу арқылы орта буын мамандарын пандемия кезінде даярлау бағдарламасын меңгереді
- Білім алушылар нұсқауға сәйкес offline және online режимдерінде теориялық және практикалық сабақтарға тапсырмаларды орындайды.

## 2. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ.

### Қашықтықтан оқыту кезінде білім алушы:

- кураторлар мен педагогтармен күнделікті байланыста болу;
- күн сайын колледж kmk.kz сайтында Сабақ кестесін қадағалау;



- қашықтықтан оқыту үшін Moodle электрондық алаңын пайдалану;




- кестеге сәйкес оқу курсына кіру және тапсырмаларды орындау;
- Moodle электрондық алаңы арқылы қандай да бір себептермен оқытуды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда оқытушыға қол жетімді байланыс (телефон, WhatsApp, электрондық пошта) арқылы хабарлау;
- Moodle жүйесі педагогтарының талаптарына немесе қажет болған жағдайда басқа да баламалы нұсқаларға (электрондық пошта, Whatsapp чаттар және т. б.) сәйкес күнделікті орындалған тапсырмаларды ұсыну);
- оқу тапсырмаларын орындау кезінде Академиялық адалдық ережелерін және өзін-өзі бағалау қағидаларын сақтау;
- қол жетімді электрондық ресурстарды пайдалану.

## 3. КЖМК ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖҰМЫС БОЙЫНША НҮСҚАУЛЫҚ.

- Қашықтықтан оқыту сайтына кіру КЖМК <http://moodle.kmk.kz/login/index.php> сілтемесі бойынша жүзеге асырылады.
- Жүйеге кіру үшін «Жүйеге кіру» батырмасын басу арқылы авторлану қажет.

- Одан әрі ашылған терезеде логин (Пайдаланушының аты) және Парольді енгізіп «moodle-ге кіру» батырмасын басу қажет. Нәтижесінде оқу үшін қол жетімді курстардың тізімі бар студенттің жеке беті ашылады. Курстың мазмұнына өту оның атауы бар сілтемемен жүзеге асырылады.
- Әр курс апталарға құрылымдалған.
- Оқу материалдары болып оқытушы сіздің тобыңызда орналастыратын жүктелетін файлдар, аудио және бейне презентациялар, веб-беттерге сілтемелер немесе жай мәтін болуы мүмкін. Оқу материалының әрбір түріне өз суреті сәйкес келеді:



- Іс – әрекеттер – бұл оқытушы жоспарлаған және сіз белгілі бір мерзім ішінде орындау қажет болатын тапсырмалар. Оқу материалдары «Кестеге» сәйкес оқытудың барлық кезеңінде жүйелі түрде толықтырылады.
- Курстың «алдағы оқиғалары» - бұл жерде дәріс, сондай-ақ оқытушы жоспарлаған, жақын арада орын алуы тиіс әрекеттер де көрінуі мүмкін.
- Алдымен жеке файлдармен, беттермен немесе гиперсілтемелермен ұсынылатын теориялық материалды зерттеу қажет.
- Материалды көру үшін оның сілтемесін басу керек, содан кейін ашылған терезеде әрекеттердің бірін таңдау керек (ашу немесе сақтау).
- Материалды зерделегеннен кейін бақылау іс-шараларын орындауға кірісу қажет, олар әдетте практикалық тапсырмалар немесе автоматтандырылған тест түрінде ұсынылады.
- Практикалық тапсырмалар оқытушыға студенттен толық жауап дайындауды талап ететін тапсырманы қоюға мүмкіндік береді. Типтік тапсырмаларға эссе, рефераттар, жобалар, баяндамалар және т. б. жатады.
- Тапсырманы орындау шарттарын оқытушы таңдайды. Мысалы, тапсырманы орындау уақытпен шектелуі мүмкін. Оқытушы студенттерге орындау мерзімі аяқталғаннан кейін жауап беруге рұқсат бере алады, бұл ретте оқытушыға мерзімі өткен жауаптар

туралы ақпарат көрсетіледі. Оқытушы жұмысты бағалай алады және бірнеше студенттер үшін жеке және бір бетте пікір қалдыра алады.

- Тапсырманы қарау үшін тиісті гиперсілтеме бойынша басу керек, нәтижесінде тапсырманы орындау бойынша ұсынымдары бар терезе ашылады.
- Нұсқаулармен танысқан соң, тапсырма бойынша Нұсқаулығыңызды компьютеріңізге ашыңыз немесе жүктеңіз.
- Әдетте, практикалық жұмысты орындау қорытындысы бойынша жеке файл түрінде есеп жасау талап етіледі, содан кейін тексеру үшін жүйеге жүктелуі тиіс.
- Есепті жүктеу үшін «Тапсырмаға жауап қосу» батырмасына басу керек және ашылған терезеде «Қосу» батырмасын басу керек, содан кейін «Файлды таңдау» терезесінде «Файлды жүктеу» қойындысына өту керек. Нәтижесінде практикалық жұмыс файлын таңдай алатын диалогтық терезе ашылады. Оқытушыға тексеруге жауап жіберу үшін «Тапсырманы жіберу» батырмасын басыңыз. «Жалғастыру» батырмасын басу арқылы жөнелтуді растаңыз.
- Жауап ақпараты 1 Мб дейін Pdf форматында ұсынылуы тиіс.
- Курстың әрбір бөлімі автоматтандырылған тестілеу процедурасымен аяқталады. Тест тапсырмаларының көпшілігі автоматты түрде бағаланады.
- Оқытушы тестпен жұмыс істеу бойынша әртүрлі шектеулерді анықтай алады: тестілеудің басталуы мен аяқталуы, әрекеттер арасындағы уақыт бойынша кідірістер, әрекет саны, кіру паролі, тек белгілі бір желілік мекенжайлардан қол жеткізу.
- Барлық тапсырмалар бойынша оң баға алған (өте жақсы, жақсы және қанағаттанарлық) білім алушы қашықтықтан оқыту бөлімінен өтті деп есептеледі.

**Назар аударыңыз!** Қашықтықтан оқыту жүйесіне қатыспайтын және пәндер бойынша тапсырмаларды орындамайтын білім алушылар аттестацияланбайды!

#### 4. ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ШАРТЫМЕН КӨКШЕТАУ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ӨНДІРІСТІК / КЛИНИКАЛЫҚ / КӘСІПТІК ПРАКТИКАЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ (ҚО).

1. Өндірістік/клиникалық / кәсіби дайындық орта кәсіптік білім берудің негізгі білім беру бағдарламасының құрылымдық бөлігі.

2. Өндірістік / клиникалық / кәсіптік даярлықтың мақсаты – online жағдайында мамандық бойынша құзыреттілікті практикаға бағытталап терең дамыту.

3. Практиканың барлық кезеңдерінің мерзімі мен мазмұны студенттердің кәсіби құзыреттілігін меңгеру үдерісінің негізделген дәйектілігін қамтамасыз ететін жұмыс оқу жоспарларына, жұмыс бағдарламаларына және кәсіби практиканың біліктілік талаптарына сәйкес анықталады.

4. Практикалардың барлық түрлерін ұйымдастыру және бақылау директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасарына жүктеледі.

5. ҚО кезінде өндірістік/клиникалық / кәсіптік практикаларды өткізу үй жағдайында жүргізіледі. Студент күнделікті бағдарламалық талаптарды орындай отырып, есепте (күнделікте) 1 – қосымшаға сәйкес өз қызметінің сипаттамасы көрсетеді – нозология бойынша тарих жазу, мейіргерлік үрдісті жүргізу, т.б.
6. Студент есепті бекіту үшін оқытушы күн сайын тапсырма жасайды.
7. Практикаларды өткізу мерзімі мен ұзақтығы оқу процесінің кестесіне сәйкес оқу жоспарларымен, практиканың мазмұны – бағдарламалармен анықталады.
8. Өндірістік/кәсіптік практика кезінде студенттің жұмыс күнінің ұзақтығы аптасына 36 оқу сағаттан аспауы тиіс, ұсынылатын күн сайынғы ұзақтығы-6 сағат; клиникалық практика кезінде аптасына 45 сағат.
9. Практиканың барлық түрлеріне академиялық қарызы жоқ студенттер жіберіледі, бұл moodle-де көрсетілуі тиіс.
10. Өндірістік/кәсіптік практиканың қорытындысы moodle-да көрсетілген аттестаттау болып табылады, клиникалық практика бойынша бағалау әңгімелесуінің баламасы - эссе бағалау.
11. Өндірістік / клиникалық практика бағдарламасын орындамаған студенттер келесі оқу курсына ауыстырылуы мүмкін емес. Кәсіптік практика бағдарламасын орындамаған студенттер қорытынды аттестаттауға жіберілмейді.
12. Кәсіптік практиканы дәлелсіз себептермен қорғаудан өтпеген студенттер кәсіптік практиканы тапсыру кестесіне сәйкес қорытынды аттестаттауға жіберілмейді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 18.03.2008 жылғы №125 бұйрығы, 12.07.2018 күнгі өзгертулер және толықтырулармен 3т. 33 тармақша).
13. Кәсіптік практикадан «4 (жақсы)» деген баға алған тұлғалар «Үздік» диплом алу құқығынан айырылады (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу ережесі және ұйымдарды практика базасы ретінде анықтау ережесі» бұйрығы негізінде).
14. ҚО жағдайында арнайы пәндер оқытушысы moodle-да кәсіптік практика бағдарламасының талаптарын орындауды бақылауды жүзеге асырады.
15. Студент күн сайын moodle платформасына есеп (күнделік) ұсынуы тиіс, онда ол оқу тарихын жазу, диагнозды негіздеу, жағдайды модельдеу және өзін-өзі бағалау түріндегі құзыреттіліктің даму мәнін көрсетеді. Бағалаудың объективтілігі 2-қосымша критерийлермен қамтамасыз етіледі.

Күні	Жұмыстың мазмұны	Құзыреттіліктер
Өзін—өзі бағалау бойынша түйіндеме:		

**ҚО шеңберінде кәсіби практика кезеңінде студенттердің құзыреттілігін дамытуды бағалау бағыттары.**

1. Студенттердің есепті (күнделікті) тексеруге уақытында беруі.
2. Негізгі нормативтік құжаттарды өз қызметіне біріктіру.
3. Коммуникативтік дағдылар мен профилактикалық қызметті көрсету.
4. Практика бөлімдерін меңгеру.
5. Манипуляция алгоритмдерін білуді көрсету.
6. Есеп беру құжаттарын жүргізу (күнделік, мейіргерлік ауру тарихы, есептер және т.б.).
7. Өзін-өзі бағалауды жүргізу – іске қатысты қасиет пен сезімді, артықшылықтары мен кемшіліктерін өзінше түсінуді анықтау/сипаттау.

*Көкшетау жоғары медициналық колледжі білім алушыларына арналған қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру бойынша ережелер:*

- *Көкшетау жоғары медициналық колледжіде қашықтықтан оқыту 04.09.2019 күнгі электрондық оқытуды және қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану туралы Ережеге;*
- *КЖМК директорының 14.03.2020 күнгі №22 «Білім беру ұйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеу шараларын күшейту мақсатында КЖМК-де қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру туралы» бұйрығына негіделіп әзірленген .*